саласындағы жұмыстарға негізделген интеллектуалдық оқыту жүйелері де қарқынды дамуда. Ақпараттық телекоммуникациялық желілердің дамуы қашықтықтан оқыту жүйелеріне жаңа серпін береді, планетамыздың әртүрлі бөліктерінде сақталған құнды ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Оқыту үдерісіне бір уақытта оқытушы мен компьютердің қатысуы білім беру сапасын айтарлықтай жақсартады.

Келесі педагогикалық технологиялар. Әдебиеттерде [200] «педагогикалық технология» ұғымы:

- дидактикалық тұжырымдама, педагогикалық ғылымның бір бөлігі ретінде (Б.Т. Лихачев, П.И. Пидкасистый, М.А. Чошанов және т.б.);
- педагогикалық жүйе ретінде (В.П. Беспалько, В.В. Гузеев және т.б.);
- педагогикалық үдеріс ретінде (В.С. Безрукова, М.М. Левина, В.Д. Симоненко және т.б.);
- мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетінің алгоритмі ретінде (В.М. Монахов, В.В. Сериков, В.А. Сластенин және т.б.) анықталады.

«Педагогикалық технологиялар» ұғымы басқа еңбектерде педагогтың өзі білетін және меңгерген қандай да бір педагогикалық үдерістің логикасын мақсатқа жету немесе қойылған міндетті орындау үдерісі ретінде жүйелі жүзеге асыруды көздейтін нақты кәсіби әрекеттерімен тығыз байланысты деп түсіндіріледі.

Жоғары кәсіптік білім беру стандарты білім алушылардың кәсіби іс-әрекеті тиімді орындауына қажетті құзыреттерін қалыптастыруға бағытталғандықтан, жоғары оқу орындарында технологиялық тәсілді жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Бірақ, зерттеушілердің атап өтуінше, бұл тұжырымды жүзеге асыру үшін қазіргі ғылым мен практика тұрғысынан жеткілікті түрде негізделген және сенімді жүйелі технология әзірше жоқ, сондықтан жоғары оқу орындарының тәжірибесінде қолдануға ең жақсы әзірленген әрі қолжетімді технологиялар пайдаланылады. Білім беру саласындағы ең кең таралған оқыту технологияларын жалпылама түрде «Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза» атты әдістемелік құралының авторлары ұсынды [200,с. 237] (кесте 10).

Кесте 10 - Жалпыланған оқыту технологиялары

Атауы	Мақсаты	Мәні	Механизмі
1	2	3	4
Проблемалық оқыту технологиясы	Студенттердің танымдық белсенділігін, шығармашылық дербестігін дамыту	Студенттерге шешу барысында білімді белсенді түрде меңгеруіне мүмкіндік беретін танымдық міндеттерді дәйекті және мақсатты түрде ұсыну	Іздену әдістері; танымдық міндеттерді қою

10– кестенің жалғасы

1	2	3	4
Шоғырланған оқыту технологиясы	Оқу үдерісінің құрылымын адамның табиғи психологиялық қабылдау ерекшеліктеріне мүмкіндігінше жақын құру	Сабақтарды блоктарға біріктіру арқылы пәндерді терең оқу	Студенттердің жұмыс қарқынын ескеретін оқыту әдістері
Модульдік оқыту технологиясы	Оқытудың икемділігін қамтамасыз ету, оны жеке базалық даярлықтың жеке қажеттіліктеріне бейімдеу	Жеке оқу бағдарламасы бойынша студенттердің өздік жұмысы	Проблемалық тәсіл, оқудың жеке қарқыны
Дамыта оқыту технологиялары	Жеке тұлғаны және оның қабілеттерін дамыту	Оқу үдерісін адамның әлеуетті мүмкіндіктеріне және оларды іске асыруға бағыттау	Студенттерді әртүрлі іс-әрекет түрлеріне тарту
Саралап оқыту технологиясы	Бейімділіктерді анықтау, мүдделер мен қабілеттерді дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау	Бағдарламалық материалды стандартта белгіленген міндетті деңгейден төмен емес әр түрлі жоспарланған деңгейлерде меңгеру	Жеке-дара оқыту әдістері
Белсенді (контекстік) оқыту технологиясы	Студенттердің белсенділігін ұйымдастыру	Болашақ кәсіби іс-әрекеттің пәндік және әлеуметтік мазмұнын модельдеу	Белсенді оқыту әдістері
Іскерлік ойын технологиясы	Білім, білік, дағдыларды игерудің жеке-іс-әрекеттік сипатын қамтамасыз ету	Оқу ақпаратын іздеуге, өңдеуге, игеруге бағытталған дербес танымдық іс-әрекет	Студенттерді шығармашылық іс-әрекетке тартудың ойын әдістері

Түрлі педагогикалық технологиялардың ішінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мақсатына барынша сәйкес келетіні, біздің ойымызша: саралап оқыту технологиясы және онымен байланысты топтық технологиялар, модульдік оқыту, проблемалық оқыту технологиясы, контекстік оқыту технологиясы.

Бұл технологиялардың басты мәні — оқытудың мақсаттарын саралау, топтық оқыту және оның әртүрлі формалары арқылы білім алушылардың әртүрлі топтарына бейімделген оқу үдерісін ұйымдастыру.

Оқыту тәжірибесінде саралаудың екі түрі ажыратылады: 1) сыртқы саралау (белгілі бір қағидалар негізінде салыстырмалы тұрақты топтар құру, бұл топтарда білім мазмұны мен оқу әдебиеттеріне қойылатын талаптар ерекшеленеді). Сыртқы саралау студенттерге шығармашылық сипаттағы жеке қызығушылықтарына сай тапсырмалар беру арқылы да жүзеге асырылады; 2) ішкі (деңгейлік) саралау (студенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу талаптарының әртүрлі деңгейлерін бөліп көрсетуге негізделген оқытудың әдістері, формалары мен құралдарының жиынтығы). Ішкі саралау материалды меңгеру қарқынының әртүрлілігін, оқу тапсырмаларының саралануын, түрлі іс-әрекет түрлерін таңдауды, оқытушы тарапынан көрсетілетін көмектің сипаты мен деңгейін анықтауды көздейді.

Тиімді педагогикалық технологиялардың бірі – оқытудың ұжымдық тәсілі (А.Г. Ривин, В.К. Дьяченко) [200,с. 237]. Бұл – педагогикалық өзара әрекеттесудегі қиындықтарды шығармашылықпен және нәтижелі түрде еңсеруге мүмкіндік беретін тәсіл. Ұжымдық жұмыс барысында тұлғаның ұстанымдары түрлендіріледі, құндылықтары, мағыналық бағдарлары, оқыту мақсаттары және оқу үдерісіне қатысушылардың өзара әрекеттесуі өзгереді. Студенттердің педагогпен және бір-бірімен белсенді қарым-қатынасы оқу материалын меңгеруді жеңілдетеді.

Басқаларды оқыту арқылы студент өзін мұғалім, тәлімгер ретінде сынайды, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі таныту қажеттіліктерін қанағаттандырады. Микротопта тапсырмаларды орындай отырып, студент мәселені шешудің әртүрлі көзқарастары бар екенін түсінеді, ұжымдағы басқа мүшелердің қабілеттері мен таланттарын бағалауға және құрметтеуге, сондай-ақ өзінің қабілеттері мен таланттарын басқалардың артықшылықтарымен толықтыруға үйренеді.

Модульдік оқыту білім беру технологиясы ретінде тұлғаға бағытталған тұғыр идеясына негізделеді. Ол идеяға сәйкес педагогикалық жүйенің өзегі – білім алушы болады, ал басты мәні – білім алушылардың өздік жұмысы мен өзін-өзі бақылауы болады. Бұл технологияның әзірлеушілері (Дж. Дьюи, Дж. Кэррол, Б. Блум және т.б.) модульдік оқытуды «білімді толық меңгеру жүйесі» деп қарастырады [200,с. 237]. Оның бастапқы жағдайы бірдей оқу материалын меңгеру үшін әртүрлі білім алушыларға олардың интеллектуалдық қабілеттеріне байланысты әртүрлі уақыт қажет болады. Сондықтан, оқу үдерісін ұйымдастырудың ең тиімді формасы – әрбір студентке қажетті материалды меңгеруге жеткілікті уақыт беру.

Модульдік оқытудың басты сипаттамалары: әр оқу модулін оқуда диагностикаланатын мақсаттар қою, оқу мазмұны мен әдістерінің, бақылау және бағалау тәсілдерінің өзгермелілігі көрсететін икемділік, белгілі бір модульді оқудағы мақсаттар мен міндеттерді оқытушы мен студенттің түсінуі, нақты ойластырылған тапсырмалар жүйесі мен өзін-өзі бақылауды қамтамасыз ету арқылы басқа таным іс-әрекетінің түрлеріне қарағанда студенттердің өздік жұмысының басым болуы, оқытушының кеңес беру жұмысының

басымдылығы, оқу үдерісін үнемі бақылау арқылы студенттердің танымдық әрекетін рефлексиясы.

Проблемалық оқыту – бұл білім алушылардың алдына ретімен мәселелер қоюды, сол мәселелерді шешу барысында олардың тек кәсіби іс-әрекеттің білімдік компонентін ғана емес, сонымен бірге оны жүзеге асыру дағдыларын да меңгеруін көздейтін оқыту технологиясы. Бұл технологияда оқу үдерісін жобалаудың негізгі дидактикалық бірлігі – оқу мәселесі болып табылады және «міндет» пен «мәселе» ұғымдары ажыратылады. Дәстүрлі тәсілдегі студент әрекеттерінің реті: дайын тапсырма шарттарын талдау → шешу тәсілін еске түсіру → шешу → үлгілік (эталондық) жауаппен салыстыру болса, проблемалық тәсілді қолданғанда студент әрекеттерінің алгоритмі: мәселелік жағдайды талдау → мәселе қою → жетіспейтін ақпаратты іздеу және болжамдар ұсыну → болжамдарды тексеру және жаңа білім алу → мәселені тапсырмаға айналдыру → шешу жолдарын іздеу → шешу → шешімді тексеру → шешімнің дұрыстығын дәлелдеу болады.

Проблемалық оқыту технологиясы студенттерге тек жаңа білім, білік, дағдылар меңгеру ғана емес, сонымен қатар әртүрлі кәсіби мәселелерді шығармашылықпен шешу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Оқу материалын проблемалық түсіндірудің мән-мағынасы – оқытушы білімді дайын күйінде бермейді, керісінше білім алушыларға танымдық тапсырмалар беріп, проблемалық жағдайлар туғызып, оларды шешудің жолдары мен құралдарын іздеуге итермелейді.

Теориялық және практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындаудың тиімді жолдарын іздеу және тандау арқылы студенттердің кәсіби ойлауы, кәсіби және шығармашылдық қабілеті дамиды.

Оқытуды дәстүрлі әдістен проблемалық оқытуға көшірудің табыстылығы оқытушының проблемалық оқыту теориясын білуіне, оның технологиясын, проблемалық әдістердің (ішінара-іздену, эвристикалық, зерттеушілік) ерекше тәсілдерін меңгеруіне, оқу үдерісін ұйымдастырудың түрлі формаларын өзгерте білуіне байланысты.

Контекстік оқыту технологиясын қолдану қажеттілігін А.А. Вербицкий негіздеген. Оның пікірінше, теорияның тәжірибеден алшақ болу қайшылығының мәні оқу іс-әрекеті (студенттің) мен болашақ кәсіби іс-әрекеттің (маманның) айырмашылығында [201]. Контекстік оқыту деп – маманның болашақ кәсіби іс-әрекетінің пәндік және әлеуметтік мазмұны бүкіл дидактикалық формалар, әдістер және құралдар жүйесі арқылы модельденетін, ал абстракті білімдерді меңгеру осы іс-әрекет негізіне салынған оқытудың түрі түсініледі [201,с. 208].

Контекстік оқытудың негізгі идеясы — студенттердің оқу іс-әрекеттері түрлерінде нақты өндірістік байланыстар мен қатынастарды модельдеу, бұл кәсіби даярлау мен нақты өндірістік іс-әрекет арасындағы алшақтықты жеңуге мүмкіндік береді. Модельдеу арқылы болашақ маманның жалпы мәдени дамуының мақсаттары да жүзеге асырылады. Оқу іс-әрекеті барысында жеке және ұжымдық, бірлескен іс-әрекетті өзі ұйымдастыру мүмкіндігі қамтамасыз

етіледі. Контекстік оқытуда белсенді оқыту формалары мен әдістері ерекше рөл атқарады. Контекстік оқыту технологиясы үш негізгі іс-әрекет түрінен тұрады: дәріс пен семинарлардың жетекші рөлімен жүзеге асатын оқу іс-әрекеті; ойындар, арнайы курстар, арнайы семинарлар арқылы іске асатын квазикәсіби іс-әрекет; оқу-кәсіби іс-әрекет (ғылыми-зерттеу жұмыстары, өндірістік практика, дипломдық және курстық жобалау) арқылы жүргізіледі. Осы технология аясында кейс-технология (практикалық бағыттағы құрылымданбаған оқу, ғылыми немесе кәсіби мәселелерді шешу тәсілдерін үйрету технологиясы) қолданылады

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, педагогикалық технологиялар практикалық педагогикалық міндеттерді шешуге оңтайлы жағдай жасауға бағытталғанын атап өткен жөн. Олар педагогикалық жаңашылдықтардың мол тәжірибесін, білім беру үдерістерін дамытудағы педагогикалық зерттеулер нәтижелерін жүйелеу және жинақтау үшін қолданылады.

Жоғары білім беру жүйесінде белсенді түрде жүзеге асырылатын келесі технологиялар тобы — эвристикалық технологиялар [201,с. 208]. Оқыту мен танымдық әрекетте қолдануға болатын, студенттердің ойлау қабілетін жандандыратын құрал ретіндегі кейбір эвристикалық технологияларға тоқталайық (мысалы: «миға шабуыл» (brainstorming), синектика, өнертапқыштық есептерді шешу теориясы (ӨЕШТ) ұйымдастырушылық-әрекеттік ойын) (кесте 11).

Кесте 11 – Эвристикалық технологиялардың түрлері

Атауы 1	Мақсаты 2	Мәні 3
Миға шабуыл (brainstorm)	Шектеулі уақытта стандартты емес және тиімді шешімдер қабылдау. Бұған командада бірлескен талқылау үдерісінде әртүрлі идеялардың максималды санын тудыру арқылы қол жеткізіледі.	Әр түрлі мәселелердің шешімдерін ұжыммен іздеу тәсілі. Ақпаратты талдау, жаңа өнімдер жасау, шығармашылық тұжырымдамалар жасауда қолданылады.
Синектика	Әмбебап жүйеленген заңдылықтарды іздеуге емес, нақты мәселелерді шешу.	Топта мәселелерді талданады. Сын айту қабылданады. Талқылау төрт негізгі кезеңнен тұрады: - тікелей ұқсастықтар; - субъективті (жеке) ұқсастықтар; - символдық ұқсастықтар; - фантастикалық ұқсастықтар.
Өнертапқыштық есептерді шешу теориясы (ӨЕШТ –	Икемді ойлау мен қиялды, күрделі мәселелерді әдемі және тиімді тәсілдермен	Қарама-қайшылықтарды анықтауға және жоюға негізделіп мәселелерді шешуге және

11– кестенің жалғасы

1	2	3
ТРИЗ)	шешу қабілетін дамыту.	жүйелерді жетілдіруге жүйелі тәсіл. Әдіс шығармашылық ойлауды дамытуға және инновациялық шешімдерді табуға мүмкіндік береді.
Ұйымдастырушылық-әрекеттік ойын (ҰӨО)	Белгілі бір жағдай аясында берілген теориялық немесе практикалық мәселені шешу	Нақты іс-әрекетті модельдеу арқылы проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған белсенді оқыту формасы. ҰӨО қатысушылары іс-әрекеттің әртүрлі аспектілерін модельдейді және нақты мәселелерді шешуді үйренеді.

Кең таралған эвристикалық әдістердің бірі — «миға шабуыл» (А.Осборн). Бұл әдісті қолдану барысында қойылған міндетті шешу үдерісін жүргізуді жетекші басқарады. Ол «миға шабуыл» ережелерінің бәрін:

1. Міндеттің мазмұнын «шабуыл» басталар алдында жалпы түрде тұжырымдауды.

2. Идеялар ұсыну тобы белгіленген уақыт ішінде (20-40 минут) барынша көп болжамдар ұсынуды (түрлі идеялар үздіксіз айтылып, бірін-бірі толықтырып, дамытуы тиіс. Барлық идеялар жазылады. Бұл кезеңде қандайда бір сын айтуға тыйым салынады).

3. Сарапшылар тобы ұсынылған болжамдардың құндылығына баға беруді (болжамдарды сараптау және іріктеу мұқият жүргізілуі тиіс).

4. «Миға шабуыл» барысында шешілмеген мәселе сол топқа басқаша тұжырымдалған немесе өзгертілген түрде қайта ұсынылуы мүмкін.

5. Идеяларды ұсыну үдерісін белсендіру үшін инверсия, аналогия, эмпатия, фантазия тәсілдерін қолдануды ұсынуды.

6. Болжамдар 10 балдық жүйе бойынша бағалау және барлық сарапшылардың бағасының орташа балын шығаруды сақтауды қамтамасыз етеді.

Келесі — өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы (ӨТШТ).

Диалектиканың принциптеріне негізделген ӨТШТ кез келген адамды шығармашылық тапсырмалар орындауды үйретуге мүмкіндік туғызады және әрбір адамға өнімді ойлауға қабілетті шығармашыл тұлға болуға мүмкіндік береді. Студенттердің шығармашылық әлеуетін ашу ӨТШТ-де «үштік алгоритм арқылы жүзеге асады: проблемалық жағдайда қайшылықты табу, қайшылықты нақты тұжырымдау, өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясының белгілі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, қайшылықты шешу. Нәтижесінде студенттер жаңа сапаға ие болады, зерттелетін мәселеге ерекше, стандарттан тыс көзқарас табады, бұл оқытудың шығармашылық аспектісін жүзеге асыруға

ықпал етеді. Мұндай сабақтардың негізгі формалары: пресс-конференция, диспут, іскерлік ойын, және т.б. болады. Ондай сабақтар студенттердің қызығушылығы пен танымға ұмтыуын оятады. Проблемалардың шығармашылық шешімі жобалар түрінде рәсімделеді. Жобаны қорғау кезеңінде студенттің терең ойлай алатын ғылыми зерттеуші ретіндегі қабілеті ашылады, ал бұл жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытудағы басты мақсат болып табылады.

Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік ойынның (ҰІӨО) басты ерекшелігі қойылған мәселені шешу үшін әртүрлі саладағы мамандардың өзара әрекеттесу тәсілін табу. ҰІӨО-ға қатысушы ойын барысында өзіне қажетті білімді өзі жасайды, ізденеді, шиеленісті шешеді, жаңалық ашады. ҰІӨО ойлау әрекетінің тиімді әдістерін міндетті түрде қолдануды көздейді. Ойын ережелері қатысушылардың ойлауын жүйелеуге, қателіктерін көруге және мәселені шешудің стандартты емес жолдарын іздеуге мәжбүр етеді. ҰІӨО-ның нысаны кез келген проблемалық жағдай болуы мүмкін. Ойын соңында қатысушы өзіне жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен ҰІӨО жоғары оқу орындарында маман даярлаудың тиімді ұйымдастырушылық формасы, әдісі және құралы болып табылады.

Эвристикалық технологиялар студенттердің шығармашылық ойлауын дамытады, қиялы мен фантазиясын өрістетеді, стандартты емес ойлауға үйретеді, танымға деген қызығушылық пен ұмтылысты оятады, яғни тұлғалық шығармашылығын дамытуға ықпал етеді. Эвристикалық оқытудың негізгі түрлеріне эвристикалық дәрістер, эвристикалық семинарлар, шығармашылық апталар және т.б. жатады.

Дәстүрлі сабақтарға қарағанда эвристикалық сабақтарда студенттер ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік, когнитивті және шығармашылық типтегі жеке білім беру өнімдерін жасайды. Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік - мақсат қою, ереже шығару, жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қорғау, рецензиялау, өзін-өзі бағалау, рефлексия сабақтары. Когнитивтік типтегі сабақтар: объектіні зерттеу, ұғымдар (ережелер, заңдылықтар, болжамдар, теориялар) құрастыру, концепт-сабақтар. Шығармашылық типтегі сабақтар: қиял-сабақтар, ізденіс сабақтары, педагогикалық (ғылыми, қолданбалы, әлеуметтік және т.б.) шығармашылық сабақтары, эвристикалық жағдайат сабақтары, шығармашылық жұмыстарды қорғау.

Шығармашылық апталар студенттердің бір тақырып немесе мәселе бойынша шығармашылық жұмыстарын орындау уақыты мен сапасын арттырады. Жеке шығармашылық жұмыстар жүйесі білім алушылардың өзін-өздері кешенді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, өйткені ол оқытушыларды студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеретін сабақтардың жеке және эвристикалық-бағытталған бағдарламаларын дайындауға, өз пәнін шығармашыл түсінуіне бағдарлайды. Шығармашылық апталардың бір түрі — ғылыми апталар. Ғылыми апталар аясында студенттер педагогтермен, зертханалар мен кітапханаларда жұмыс жасайды, конференциялар, семинарлар өткізеді.

Білім берудегі кешенді технологиялар - оқытудың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін әртүрлі әдістерді, құралдарды және тәсілдерді қолдану көздейді. Қызықты және бейімделген оқу үдерісін құру үшін цифрлық технологияларды, педагогикалық стратегияларды және басқа инновацияларды пайдалануды қамтиды және:

- жеке тұлғаның барынша мүмкін болатын ресурстарын пайдаланады;
- тұлғаның бір ғана емес, бірнеше психикалық сапаларының дамуын оңтайландырады;
- «оқытушы – білім алушы» жүйесіндегі қарым-қатынастардың ерекшеліктеріне сәйкестендірілген;
- оқыту жағдайларының нақты кәсіби өзін-өзі іске асыру жағдайларымен үйлесуін болжайды;
- шығармашылық іс-әрекетке апаратын жолды айқындайтын дербес шешімдер қабылдау субъектісі болу қабілетін қалыптастыруды қарастырады;
- кәсіби түсініктерді қалыптастырады (студенттерде сәтті іс-әрекетке қажетті кәсіби қасиеттердің нақты жиынтығына ие болатын педагог-маманның бейнесі қалыптасады);
- студенттердің тұлғалық және ойлау рефлексиясын арттыруға ықпал етеді [201,с. 208].

Кешенді технологияларға әртүрлі акмеологиялық технологиялар жатады: кәсіби іс-әрекетті ойын арқылы модельдеу технологиялары, рефлексивті-гуманистік бірлескен шығармашылық технологиялары және рефлексия мәдениеті мен өзіндік сананы дамыту технологиялары, педагогикалық жобалау және болжау технологиялары, модельдеу технологиялары, автоматтандырылған интенсивті оқыту технологиялары, кадрлардың психикалық тұрақтылығын өздігінен реттеу технологиялары және т.б.

Жоғары оқу орнында кәсіби-шығармашылықты дамытудағы маңызды болатын кейбіреулерін қарастырайық.

Педагогикалық болжау технологиясы [25,с. 768]. Болашақ мұғалімде бүгінгі күні жалпы мәдениет деңгейі, психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі, заманауи ақпарат көлемімен жұмыс істей білуі, түрлі жағдаяттарды шешуге дәстүрлі емес тәсілдер таба білуі ғана емес, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетті болжау негізінде ұйымдастыра білуге тиіс. Болашақ мұғалімдердің болжау білігі мен дағдыларын қалыптастыру олардың кәсіби даярлығының тиімділігін арттырудың бір бағыты ретінде қарастырылады. Бұл болжау дағдысы мұғалімнің іс-әрекетінде алдын ала бағыт-бағдар беретін тәсілді қамтамасыз ететіндігімен байланысты, сол арқылы мұғалімдер мектеп өміріндегі күнделікті оқиғалардан оқушылардың болашаққа деген ұмтылысын көре алады және әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды мақсатты түрде қалыптастыра алады. Сонымен қатар, болжау мұғалім іс-әрекетінің барлық функцияларын (ақпараттық, ұйымдастырушылық, коммуникативтік, дамытушылық және т.б.) жүзеге асыруда көрініс табады. Сондықтан дәл осы дағды арқылы аталған әрбір функцияны меңгеру үдерісі жетілдіріледі.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі болжау субъектілері ретінде оқушы, оқушылар ұжымы танылады. Болжаудың нысандыры - білім беру үдерісінің барысы мен нәтижелері, педагогикалық жағдаяттардың дамуы болады.

Педагогикалық модельдеу технологиясы — бұл алгоритмдік және эвристикалық әрекеттердің үйлесімінен тұратын, «үйренуді үйренудің» әмбебап тәсілі [201,с. 208]. Модельдеу — бұл жобаланатын нысанның маңызды белгілерін бейнелейтін оның идеалдық бейнесін жасауға арналған шарттарды әзірлеу үдерісі. Модельдерде педагогикалық мақсаттар, міндеттер, тиімділік шарттары, нысанның құрылымдық компоненттері, оның жұмыс істеу тәсілдері көрініс табады.

Модельдеу әдісі интегративті сипатқа ие, ол педагогикалық зерттеуде эмпирикалық және теориялық бағыттарды біріктіруге, яғни педагогикалық нысанды зерттеу барысында эксперимент пен ғылыми абстракцияларды, логикалық құрылымдарды қатар қолдануға мүмкіндік береді. Модельдер жүйесін құруға арналған толыққанды педагогикалық зерттеу нәтижесінде жобалық шешім жасалады. Сондықтан педагогикалық жобалау мәселесін шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастырудың тиімді технологиясы ретінде қарастыру орынды.

Педагогикалық жобалау жоспарланған үдерістер мен құбылыстардың модельдерін жасауға бағытталған [201,с. 208]. Адамның жобалау іс-әрекеті оның санасында шынайылықты тек ішінара бейнелейтін, сонымен қатар адамның субъективті әлемін, оның құндылықтары мен мақсаттарын көрсететін идеалды модельдерді құра алу қабілетіне байланысты. Педагогикалық жобалау — бұл педагогикалық шындықты түрлендіру модельдерін жасауға бағытталған білім беру субъектілерінің іс-әрекеті. Педагогикалық жобалаудың мәні педагогикалық мәселелер мен олардың пайда болу себептерін анықтау және талдау, жобалаудың құндылықтық негіздері мен стратегияларын құру, мақсаттар мен міндеттерді айқындау, педагогикалық жобаны іске асырудың әдістері мен құралдарын іздестіруден тұрады.

Көптеген ғалымдардың еңбектерінде [202] жобалық іс-әрекет барысында студенттер шығармашылықпен ойлауға, өз әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, алдарында тұрған міндеттердің мүмкін шешімдерін болжауға және жобамен жұмыс істеу барысында меңгерген тәсілдерін қолдануға үйренетіні көрсетіледі.

Жобалау — түсінуді, бірлескен шығармашылықты, авторлар мен пайдаланушылардың ортақ мақсатқа, құндылықтарға бағытталған сезімталдықты талап ететін үдеріс. Жобалаудың негізінде жаңа ақпаратты меңгеру болады. Білім алушылар негізгі және аралық мақсаттар мен міндеттерді қоюда, оларды шешу жолдарын іздеуде, балама нұсқалар болған жағдайда ең тиімдісін таңдауда, таңдау жасау және оны негіздеуде, таңдау салдарын түсінуде, оқытушының көмегінсіз дербес әрекеттерді жетілдіруде, алынған нәтижелерді қойылған талаптармен салыстыруда, аралық нәтижелерді ескере отырып, әрекеттерді түзетуде, жобалау үдерісін және нәтижелерін бағалауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Сондықтан оқытушы студенттердің жоба бойынша жұмысын дұрыс жоспарлап, олардың қызығушылығы мен

еңбекке уәжін қамтамасыз ете алуы маңызды. Тапсырма тым жеңіл де, тым күрделі де болмауы керек, әрбір студенттің жақын даму аймағына сай болуы қажет.

Жоғары оқу орнының оқытушылары тұлғаның шығармашылық қасиеттерін дамытуға бағытталған кешенді технологияларға ерекше назар аударуы қажет.

Жоғарыда айтылғандарға және «Современные образовательные технологии в учебном процессе вуза» атты құралы авторларының [200,с. 237] ұсыныстарына сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау міндеттерін шешу барысында біз жоғары оқу орны оқытушысына қойылатын келесі негізгі талаптарды айқындадық:

- өзі де шығармашыл тұлға болуы тиіс. Егер оқытушының өзі шығармашылықпен айналыспаса, тек шығармашылыққа шақыру білім алушыларды шабыттандыратын шығармашылық ортаны қалыптастыруға ықпал жасамайды;

- оқытатын пәні бойынша терең ғылыми білімге ие болуы қажет;

- әрбір студенттің шығармашылыққа қабілетті екеніне сенімді болуы тиіс;

- жоғары оқу орнында қолданылатын педагогикалық технологиялардың кешенін меңгеруі қажет.

Яғни, дәріс оқығанда мұғалім бір ойдан екіншісіне оңай ауысып, ұсынылған материал бойынша стандартты емес қорытынды жасап, студенттермен пікірталасқа түсіп, дәрісті сөйлеуші мен тыңдаушының үйлесімді бірлескен шығармашылығына айналдыруы керек. Сондай сабақта шығармашылық аурасы, оқытушыда да, білім алушыларда да айтылған ойларды тереңдетуге, тыңдаушыларда дәріс бойынша идеялар айтуға, оқытушымен пікірталасқа түсуге ұмтылыс пайда болады. Оқытушы әр түрлі студенттердің ойлау үдерістері әртүрлі жылдамдықпен жүзеге асырылатындығын ескеруі керек. Кейде олардың жауаптарында жіберген қателіктерін басқаша түсіндіріп, оларды кішкене жаңалықтарға айналдырып, ұсынылған мәселені жаңа қырынан көруге мүмкіндік беруге болады.

Сонымен жоғары оқу орны оқытушысының жетекші функциялары болып білім беру үдерісінің әртүрлі деңгейлерінде шығармашылық, ғылыми-педагогикалық ізденіс атмосферасын құру, педагогикалық қарым-қатынас үшін мүмкіндіктер туғызу; оқу-тәрбие үдерісінің әдістемелік қамтамасыз ету, әдістемелік жұмыстың сапалы жаңа жүйесін құру және т. б. табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісінде білім беру технологияларын жүйелі қолдану оқу жоспарының белгілі бір курстары аясында, белгілі бір жағдайларда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық мамандыққа деген құндылық қатынасын және ондағы өзін-өзі шығармашылық тұрғыда жүзеге асыру мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған шығармашылық іс-әрекетінің тәжірибесін қалыптастыру үдерісінің құрылымдық-функционалдық моделін жасауға мүмкіндік береді.

2.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Нормативті құжаттарды, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді және педагогикалық тәжірибені талдау болашақ педагог тек пән бойынша білім мен дағдыға ие болуымен шектелмей, үнемі даму мен өзін-өзі жетілдіруге ынталы тұлға болуы қажет екенін көрсетеді. Осыған байланысты, кәсіптік оқудың алғашқы кезеңінен бастап студенттерді өзін өзі белсенді дамыту мен жетілдіруді мақсат тұтуға бағыттау маңызды. О.С. Тоистеваның пікірінше, болашақ педагогтің кәсіби іс-әрекетке дайын болуы үшін тек танымдық сапалары жеткіліксіз – олардың бойында кәсіби-шығармашылыққа бағытталған ішкі ұмтылыс болуы қажет [203].

Біздің зерттеуіміздің басты міндеттерінің бірі – бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделін әзірлеу. Н.В. Кузьминаның ғылыми тұжырымдамасына сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау моделін біз өзара байланысты құрылымдық және функционалдық компоненттерден тұратын, белгілі бір соңғы нәтижеге – бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылық іс-әрекетіне жауап беретін тұлғалық жаңашылдыққа қол жеткізуге бағытталған жүйе ретінде қарастырамыз.

Біз модельді тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың жүйелі-құрылымдық негізі ретінде қарастырамыз. «Модельдеу – бұл құбылыстардың, үдерістердің немесе нысандар жүйесінің модельдерін құру арқылы оларды зерттеу, бұл жаңадан жасалатын нысандардың (модельдердің) сипаттамаларын анықтау немесе нақтылау және тәсілдерін оңтайландыру үшін модельдер қолдану» [34, с. 119]. Зерттеу жұмысымыздағы модельдеудің логикасы: теория мен бастапқы зерттеу зерттелетін құбылыс туралы түсінік беретін және өзіндік болжам ретінде болатын модель түрінде көрсетіледі. Бұл модель тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, нақтыланады, нәтижесінде модельді жетілдіруге мүмкіндік болады. Модель педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырудың абстрактілі алгоритмі ретінде қарастырылады. Ол нақты мақсатты, бірізділікті, мазмұндық бағыттарды, нәтиже өлшемдері мен көрсеткіштерін қамтиды. Зерттеуде модельдеу тек құбылыстар мен үдерістерді көрсетудің бір тәсілі ғана емес, сонымен қатар зерттеліп отырған құбылыс туралы білімнің ақиқаттығын тексерудің объективті әдісі ретінде қарастырылады. Бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісін жетілдірудің инновациялық нұсқасын жасауға негіз болады.

«Модель» термині (французша *modèle*, латынша *modulus* – өлшем, үлгі) түрлі жағдайларда қолданылады: белгілі бір үлгі, стандарт; бейнелетін зат; құрылғы; нысанның, үдерістің, құбылыстың кез-келген бейнесі ретінде түсіндіріледі. Яғни, модель – белгілі бір нысанды немесе құбылысты тану, түсіндіру және көрсету үшін қолданылатын оның баламалы көрінісі [32, с. 504]. Модель ұғымының басқа да анықтамалары бар. Мысалы, кейбір дереккөздерде

модель – бұл зерттеу жүргізуге ыңғайлы болу үшін арнайы синтезделген, бастапқы зерттелетін жүйеге ұқсастығы жеткілікті дәрежеде сақталған және зерттеушінің тұжырымдаған зерттеу мақсатына сәйкес келетін нысан ретінде қарастырылады [105,с. 566]. Басқа бір дереккөзде [103,с. 352] модель үлгі; шынайы нысанның құрылымы мен қызметін көрсететін құрылғы; нақты зат туралы абстрактілі түсінітер жиынтығы, нысанның аналогы ретінде анықталады. Ғылым философиясы сөздігінде [112,с. 569] модель – зерттелетін нысанның бастапқы түпнұсқаны бейнелейтін тәжірибелік үлгісі немесе ақпараттық-таңбалық аналогы деп анықталған. Сонымен қатар модель – зерттелетін нысанды бейнелеп немесе көрсетіп, әрі сол нысанның орнына қолдануға болатын ойша ұсынылған немесе нақты жүзеге асырылған жүйе деп түсіндіріледі. Оның көмегімен объект туралы жаңа ақпарат алуға болады [112,с. 569]. Барлық түрлі көзқарастарға ортақ – модель ең алдымен таным құралы ретінде түсіндіріледі. Яғни модель – зерттелетін нысанның, құбылыстың немесе үдерістің белгілі бір қырларын сипаттайтын қатынастар жүйесі ретінде анықталады. Қазіргі зерттеушілердің [163,с. 120], еңбектерінде жаңа типтегі педагог іс-әрекетінің модельдері ұсынылған. Осы зерттеу аясында әзірленіп, қолданылып отырған модельдің маңызды танымдық функциясы – оның шығармашылық ізденіске бастау көзі бола алатындығында.

Жүйенің болуы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үшін білім беру ортасын анықтайтын педагогикалық жүйені және одан туындайтын міндеттер, заңдылықтар, принциптер, жағдайлар, кезеңдер және т. б. құру мақсаты кіретін модельдің қажетті және жеткілікті құрылымдық элементтерінің өзара байланысын сипаттайды.

Білім беру бағдарламасының әлеуетін пайдаланатын білім беру ортасы болашақ педагогті оқыту кезеңінде практикалық кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке тартудың жаңа мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді, студенттің кәсіби-шығармашылық дамуының траекториясын жобалау және өту үдерісін жеңілдетеді, сондай-ақ студенттерге білім беру технологияларын қолдану, кәсіби шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін қалыптастыру арқылы кәсіби-шығармашылық іс-әрекет міндеттерін шешуге даярлығын көрсету тәсілдері мен формаларын ұсынады.

Қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесін зерттеу үшін белгілі бір теориялық алғышарттар қалыптасқан. Зерттеушілердің пікірінше, бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекеті әртүрлі жағдайларда жүзеге асырылады (1.2). Бастауыш сынып мұғалімінің мақсаты – оқушылардың білім, білік, дағдыларын қалыптастыру және оларды интеллектуалдық, адамгершілік, шығармашылық, физикалық дамыту [3,б. 7].

Бастауыш сынып мұғалімінің іс-әрекетінің нысаны – бастауыш (1-4) сыныптарда оқитын 6(7) - 10(11) жастағы балалар. Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби іс-әрекетінің міндеттері кәсіби стандартта айқындалған.

Ғылыми әдебиеттерге жасалған талдау бастауыш сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесіне қатысты түрлі әдіснамалық тұғырлардың бар екенін көрсетті (п. 1.3). Осылайша, болашақ педагогтің тұлғалық қасиеттерін дамыту қажеттілігі кәсіби-шығармашылық іс-әрекетте табысты болудың маңызды шарты ретінде тұлғалық тұғырда көрініс тапқан. Бұл тұғыр педагогикалық шығармашылыққа мотивациялық және тұлғалық даярлықтың бірлігін дәлелдейді. Педагогтың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға бағытталған тұғыр бойынша шығармашылық іс-әрекет педагогикалық әдістерді, тәсілдер мен технологияларды терең меңгеруге және оларды нақты жағдайларға сәйкес тиімді қолдануға негізделеді (операционалдық-технологиялық даярлау). Педагогикалық шығармашылыққа дайындықты қалыптастырудағы мәдениеттанушылық тұғырға сәйкес шығармашылыққа даярлық – болашақ педагогтің кәсіби мәдениетін терең әрі жан-жақты дамыту нәтижесі болып табылады. Бұл болашақ маманның терең теориялық білімін (когнитивті-мазмұндық даярлық) және кәсіби іс-әрекетті сапалы меңгеруін (операционалдық-технологиялық даярлық) қамтиды. Шығармашылыққа даярлауда маңызды құралдары және әдістерімен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыруды іс-әрекеттік, тұлғалық тұғырлар қамтамасыз етеді. Бұл тұғырларды болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде қолдану олардың шығармашылық іс-әрекетке қызығушылығын арттырып, болашақ педагогтің жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді (мотивациялық-тұлғалық даярлық).

Өртүрлі тұғырларды ұсынған ғалымдардың болашақ педагогтерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау компоненттерін салыстыра және жинақтай келе, олардың жалпы шығармашылық іс-әрекеттің құрамдас компоненттеріне сай келетіні анықталды (п. 1.1). Шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісі мынадай негізгі компоненттерді қамтиды: 1) мотивациялық-тұлғалық, 2) когнитивті-мазмұндық, 3) операционалдық-технологиялық, 4) рефлексиялық-бағалаушылық. Аталған компоненттер бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға арналған теориялық модельдің негізін құрайды.

Мотивациялық-тұлғалық компонент студенттердің педагогикалық мамандықтың шығармашылық сипатына сенімін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға деген ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған. *Когнитивті-мазмұндық компонент* педагогтердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерімен, педагогикалық шығармашылықтың тарихымен, жаңашыл педагогтердің тәжірибесімен таныстырады, шығармашылықтың мәні, табиғаты мен түрлері, педагогикалық шығармашылықтың мән-мағынасы, бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің мазмұны мен құрылымы, әдістемелік аспектілері туралы түсінік береді. *Операционалдық-технологиялық компонент* педагогикалық әдістер мен технологияларды меңгеруге, оларды шығармашылықпен қолдану мүмкіндіктерімен танысуға бағытталған. *Рефлексиялық-бағалаушылық компонент* педагогикалық іс-әрекеттің

шығармашылық сипатта жүзеге асырылуын бағалауды, студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлығының нәтижелілігін талдауды, жасалған жұмысқа түзету енгізуді қарастырады.

Өртүрлі зерттеулердің деректерін салыстырмалы талдау жүргізу негізінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттерімен (мотивациялық-тұлғалық, когнитивтік-мазмұндық, операциялдық-технологиялық, рефлексиялық-бағалаушылық) өзара байланысты міндеттерді шартты түрде топтастыруға мүмкіндік берді.

Мотивациялық-тұлғалық компоненттің міндеттері:

- студенттердің кәсіби-шығармашылық мотивациясын арттыру;
- болашақ педагогтердің шығармашылықтың маңыздылығын түсінуін, шығармашылық іс-әрекетке оң көзқарасы мен ынтасын қалыптастыру;
- кәсіби іс-әрекетті шығармашылық деңгейде жүзеге асыруға қажетті тұлғалық қасиеттер мен біліктерді қалыптастыру;
- шығармашылық тапсырмаларды орындауда қызығушылықты, дербестікті, табандылықты ынталандыру.

Когнитивтік-мазмұндық компоненттің міндеттері:

- студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға қолайлы білім беру ортасын құру;
- студенттерді педагогикалық шығармашылық пен шығармашылық іс-әрекет тетіктері туралы біліммен қаруландыру;
- терең кәсіби білімдерді меңгерту;
- шығармашылық ойлау мен шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Операциялдық-технологиялық компоненттің міндеттері:

- кәсіби іс-әрекетте қажет шығармашылық біліктер мен дағдылар қалыптастыру;
- шығармашылық іс-әрекеттің шығармашылық сипаттын қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдерді, зерттеу біліктері мен әрекеттерді меңгерту;
- негізгі педагогикалық әдістер мен технологияларды шығармашылықпен қолдану жолдарын игеру;
- оқу-шығармашылық іс-әрекетке тарту.

Рефлексиялық-бағалаушылық компоненттің міндеттері:

- мұғалімнің бағалау әрекетін меңгерту;
- педагогикалық іс-әрекеттегі өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі талдау мәселелерін оқыту;
- өз шығармашылық мүмкіндіктеріне рефлексия жасау;
- оңтайландыру мақсатымен шығармашылық педагогикалық іс-әрекет үдерісі мен нәтижелерін бағалау және өзін-өзі бағалау.

Шығармашылыққа даярлауға бағытталған [53,б. 316] зерттеулерге сүйене отырып, оларды бастауыш сынып мұғалімдерін шығармашылық іс-әрекетке даярлау тәжірибесімен салыстыра отырып, осы үдерістің заңдылықтарын айқындауға талпындық. Студенттерді кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісі тиімді болуы үшін оқу үдерісінде мынадай заңдылықтар сақталғаны жөн:

1) теориялық және практикалық даярлаудың бірлігі мен өзара толықтырылуы;

2) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке тиімді даярлауға ықпал ететін білім беру технологияларын пайдалану;

3) теориялық және практикалық шығармашылық сипаттағы тапсырмалардың проблемалық және біртіндеп күрделеніп отыратын сипаты;

4) тұлғаның шығармашылық бағдарын қамтамасыз ететін арнайы қабілеттер мен жеке қасиеттерді дамыту;

5) кәсіби-шығармашылыққа даярлау жағдайының салыстырмалы түрде еркін және белсенді болуы.

Көптеген зерттеулер шеңберінде анықталған кәсіби-шығармашылыққа даярлау принциптерін салыстырмалы талдау және оларды теориялық модельмен сәйкестендіру болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың төмендегідей *принциптерді* тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- *білім беруді ізгілендіру* (студентке үнемі өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі бағалау, шығармашылық белсендігін, дербестігін, саналылығын, өзін-өзі шығармашылық дамытуға деген қажеттілігін ынталандыру мүмкіндіктерін беру);

- *кәсіби-шығармашылық бағыттылық* (теориялық білім мен практикалық біліктерді және оларды іс-әрекетте шығармашылықпен қолданылуын біріктіретін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау үдерісінің кешенді және жүйелі сипаты. Ол тұтас және әртүрлі білім беру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз етеді);

- студенттердің шығармашылық іс-әрекетінде қажетті тұлғалық және кәсіби сапаларын дамытуға ықпал ететін *жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру* (ынтымақтастықты ұйымдастыру, шығармашылық серіктестік жағдайларын жасау, даярлау мазмұнының пәнаралық ұйымдастырылуы, студент тұлғасының шығармашылық дамуына бағытталған инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, шығармашылық іс-әрекетті эмоциялық және рационалдық ынталандыру жолдарын үйлестіру және т.б.);

- құрылымдық-мазмұндық модельді, арнайы оқу-әдістемелік құралдар жүйесін және даярлық деңгейін анықтау өлшемдерін біріктіретін *даярлау үдерісінің технологиялық қамтамасыз етілуі*;

- *инновациялылық* (болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнын педагогикалық ғылым мен практика жетістіктерімен, педагогикалық шығармашылық нәтижелерімен үздіксіз жаңарту, ақпараттықтан гөрі іс-әрекеттік мазмұнның басымдығы);

- *даярлау үдерісі мен нәтижелілігінің рефлексивтік сипаты* (студенттің шығармашылық іс-әрекеттегі мүмкіндіктері мен жетістіктерін диагностикалау, бағалау және болжау, нәтижелерін жақсартатын іс-әрекеттің жаңа нұсқаларын жобалау).

Студенттердің тұлғасы мен іс-әрекетін, сондай-ақ кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін диагностикалау және мониторинг жүргізу оқу

үдерісін жобалауда жетекші рөл атқарады. Студенттерді дамыту олардың кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін диагностикалаудан басталуы керек.

Біздің зерттеуімізде диагностика мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке жоғары деңгейде даяр болуын қалыптастыру міндетіне сәйкес айқындалды.

Диагностикалау міндеттері:

- кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейін талдау және бағалау;
- оқыту барысындағы олқылықтарды анықтау;
- оқыту нәтижелерінің табыстылығы немесе табыссыздығын растау;
- оқу үдерісінің келесі кезеңдерін жоспарлау;
- зерттеу жұмысын орындау жағдайларын жақсарту.

Теориялық материалды сәтті игеру және алған білімдерін практикалық жағдайда пайдалану үшін студентке рефлексиялық біліктер қажет. Сонымен қатар, сол жағдайды түсіну және онда өзін көру өте маңызды, өйткені рефлексиялық біліктердің даму деңгейі адамның күнделікті өмірінің сапасын анықтайды. Сондықтан рефлексиялық біліктерді қалыптастыру жоғары білім берудің міндеттерінің бірі, оның мазмұнының компоненттерінің бірі болып табылады. Оқыту барысында студент рефлексиялық біліктерді меңгеріп, оларды сыни тұрғысынан талдай алу, ойлану, бағалау, ерекше шешімдер қабылдау және шығармашылық іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыру қабілетіне ие болуы тиіс.

Сондықтан, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға, жеке тұлғалық сапаларын дамытуға қажетті теориялық және ғылыми ақпарат мазмұнымен сипатталады және диагностикалық, конструктивтік және рефлексивтік кезеңдерден тұрады.

Диагностикалық кезеңнің мақсаты: шығармашылық іс-әрекетті дамыту қажеттілігін қалыптастыру; міндеттері: шығармашылық іс-әрекеттің мәнін түсінуге бағытталған жұмыс ұйымдастыру; кәсіби іс-әрекетке шығармашылық көзқарастың маңыздылығын түсіну; педагогикалық іс-әрекеттегі стереотиптерді жеңу.

Конструктивтік кезеңнің мақсаты – белсенділікті шығармашылық танымды қалыптастыру; міндеттері: педагогикалық шығармашылықты теориясы мен тәжірибесін оқу және түсіну; өзгерістер енгізу.

Рефлексивтік кезеңнің мақсаты: шығармашылық іс-әрекетінің жеке стилін қалыптастыру; міндеттері: шығармашылық табыстылықты өздік бағалау және шығармашылық іс-әрекетінде өзін көрсету.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың тиімділігі арнайы педагогикалық шарттарды анықтау және сақтауға байланысты. «Шарт» ұғымы философиялық категория ретінде субъектінің оны қоршаған ортадағы құбылыстарға қатынасын білдіреді. Субъект өздігінен шартталған нысан ретінде көрінеді, ал шарттар – объективті әлемнің

салыстырмалы түрде сыртқы алуан түрлігі болады. Құбылысты немесе үдерісті тікелей тудыратын себептерде қарағанда шарт құбылыс немесе үдеріс пайда болатын, бар болатын және он жерде дамитын ортаны, жағдайды құрайды [204].

Педагогикада «шарттарды» педагогикалық жүйенің қызметінің тиімділігіне әсер ететін факторлар, жағдайлар ретінде анықталады [205]. Н.В. Бордовская, А.А. Реан «шарттар» ұғымын оқытудың сәттілігін қамтамасыз ететін факторлардың, оқу үдерісінің компоненттерінің жиынтығы ретінде түсіндіреді [206].

Біздің түсінуіміз бойынша, шарт – бұл зерттеліп отырған сапаға әсер ететін ғана емес, сонымен қатар ол сапаның бар болуы үшін міндетті түрде қажетті алғышарт, оның пайда болуына негіз болатын жағдай. Яғни, шартты «белгілі бір нәрсе тәуелді болатын жағдай; бір нәрсе жүзеге асатын немесе орындалатын жағдай» деп түсінуге болады [207].

Түрлі зерттеулерде шығармашылық іс-әрекетке даярлау шарттарын жалпылау, оларды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мазмұнымен сәйкес айқындауға мүмкіндік берді. Шарттар:

- болашақ мұғалімнің қажеттіліктеріне әсер ететін құндылықтық-мағыналық ақпараттық кеңістік қалыптастыру;
- болашақ мұғалімдердің құндылықтық-мағыналық басымдықтарын өзектендіріп, шығармашылық дамуын ынталандыру үшін тұлғалық-кәсіби қызығушылықтар негізінде ұйымдастырылатын шығармашылық топтар көмегімен кәсіби өзара әрекеттесудің қарқынды тұлғааралық кеңістігін құру;
- студенттердің өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі дамыту мотивтерін табысты іске асыруға мүмкіндік беретін ерекше ұжымдық атмосфера қалыптастыру;
- педагогикалық пәндерді оқыту үдерісінде кәсіби-шығармашылық іс-әрекет мазмұнын және оны меңгеру тетіктерін бейнелейтін аксиологиялық және психологиялық-педагогикалық білімдерді өзектендіру арқылы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетін жүзеге асыруға бағытталған тұлғаға бағдарланған оқытуды қамтамасыз ететін икемді білім беру технологияларын қолдану;
- әрбір студенттің әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуға, олардың танымға деген қызығушылығын, белсенділігін, бастамашылдығын, идеялары мен ойларының дербестігін ынталандыратын шығармашылық білім беру ортасын қалыптастыру;
- бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету (бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті туралы білімді тереңдетіп, біріктіретін элективті курсты даярлау мазмұнына енгізу және т.б.);
- болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға қажетті білім, білік, дағдыларының қалыптасуын диагностикалау, өзін-

өзі бақылау және өзін-өзі талдау үдерістерін ұйымдастыру. Бұл студенттердің рефлексиялық тәжірибесін байытып, объективті ақпаратты субъектілік деңгейге көшіруге мүмкіндік береді.

Зерттеушілердің [208] пікірлеріне сүйене отырып, мұндай шарттар:

- студенттің мотивациялық сферасын қалыптастыруды (мақсатқа жетудің маңызды шарттары болып табылатын түсіну мен рефлексияның пайда болуына ықпал етеді. Бұл болашақ мұғалімді өзінің кәсіби жолында қолдана алатын тиімді стратегиялар мен технологияларды, жұмыс формалары мен тәсілдерді іздеуге жетелейді. Осы бағытта студент кәсіби-шығармашылық әрекеттің мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін тақырыптық мазмұндарды, жағдаяттарды, фактілер мен оқиғаларды таңдай алатын болады);

- оқу үдерісінің әр кезеңінде студентке кәсіби-шығармашылық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған түрлі ұйымдастырушылық, мазмұндық, операционалдық мүмкіндіктерді беруді;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің практикалық іс-әрекетінің нақты жағдайлары үшін онтайлы шешімдерді шығармашылықпен әзірлеу қабілетінің пайда болуына ықпал ететін жағдай жасауды;

- оқытудың ұжымдық сипатын жүзеге асыруды;

- болашақ мұғалімдерді өзін-өзі және өзара талдау мен бағалау мәдениетіне үйретуді, оқу барысында туындайтын мәселелер мен қиындықтарды шешуде жеке көмек көрсету мен кеңес беруді ынталадырады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық әрекетке даярлау міндеттерді шешуге оқу үдерісінде белсенді және интербелсенді әдістерімен толықтырылатын білім беру технологиялары кешенін (п. 2.2) пайдалану ықпал етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі педагогикалық тәжірибе мен оның меңгерлу тетіктері туралы білімді біріктіретін міндетті және таңдау пәндерінің оқу бағдарламаларын, оқу және әдістемелік құралдарды қамтитын дидактикалық кешен болып табылады. Бұл шарт болашақ мұғалімдердің міндетті оқуының ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуінің инвариантты бөлігін жүзеге асыруды көздейді. Міндетті бөліктің негізгілері педагогика және психология кафедрасының ғалымдары әзірлеген «педагогика» және «психология» пәндерінің оқу бағдарламалары мен оқу және әдістемелік құралдар болып табылады. Даярлаудың вариативті бөлігінің ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етілуі оқыту және тәрбиелеу әдістемелері кафедрасының ғалымдарымен бірлесе әзірленген 2 курс студенттеріне арналған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» элективті пәнінің оқу-әдістемелік кешені болып табылады.

Диагностикалық сүйемелдеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың объективті бағасын беру үшін маңызды. Бағалау белгілі бір өлшемдер мен көрсеткіштерге негізделуі қажет. Бағалау өлшемдері мен көрсеткіштері болашақ мұғалімдердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлық деңгейінің компоненттеріне саяды.

Маңыздысы тұлғалық шығармашылықты диагностикалау әдістемесін (Е.Е.Туник), студенттердің оқу мотивациясын диагностикалау әдістемесін (А.А. Реан мен В.А. Якуниннің, Н.Ц. Бадмаеваның модификациясы), жазбаша бақылау-диагностикалық жұмыстарға арналған тапсырмаларды, Т.Элерстің «Табысқа жетуге қажеттілік» тестін, рефлексивтілік деңгейін бағалау әдістемесін (А.В. Карповтың сауалнамасы) және кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке дайындық деңгейін анықтайтын авторлық сауалнаманы қамтитын диагностикалық процедуралар кешенін дайындап, іске асыру.

П.К. Анохиннің [209] функционалдық жүйелер теориясына сәйкес, акмеологиялық жүйедегі құраушы факторлардың бірі мұғалімнің тұлғасы мен шығармашылық іс-әрекетінде пайда болатын жаңа құрылымдардан тұратын нәтиже. Бұл жаңа құрылымдар педагогтің шығармашылығының, өнімділігінің, кәсіби іс-әрекеттен және оның нәтижелерінен қанағаттануының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Солай, жоғарыда көрсетілген шарттарды құру нәтижелері:

- студенттердің педагогикалық мамандықтың мән-мағынасын кәсіби шығармашылықтың мәнін түсінуі;
- кәсіби іс-әрекетінде шығармашылыққа қызығушылығы мен қажеттілігінің пайда болуы;
- өздерінің шығармашылық қабілеттерін дамытуға ұмтылысы,
- шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін қабілеттерінің жеткілікті деңгейде дамуы және т.б.;
- мұғалімнің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің теориялық негіздерін терең білуі;
- педагогикалық шығармашылықтың ғылыми негізделуі және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі,
- типтік педагогикалық жағдайларды білу және оларды шығармашылықпен шешу білігі;
- жетекші педагогикалық әрекеттерді, әдістерді, технологияларды терең меңгеру және оларды нақты педагогикалық жағдайларда шығармашылық деңгейде пайдалану білігі;
- кәсіби әрекеттер мен жеке шығармашылық қабілеттерге рефлексия жасауы болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ең маңызды жолы – оқу үдерісі. Міндеттерге байланысты алынған ғылыми білімдерді шығармашылықпен пайдалану, маңызды педагогикалық әдістерді, технологияларды, әрекеттерді шығармашылық тұрғыда интерпретациялау қамтамасыз етіледі.

Ю.В. Воронинаның пікірінше, «мотивациялық-тұлғалық компонент – бұл педагогтің кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыруға деген жеке қатынасы...» [210]. Біздің зерттеуіміздің контекстінде, қарастырылып отырған компоненттің қалыптасуы болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке деген жеке тұлғалық позициясында, қызығушылығында, қажеттілік

пен ұмтылысында; тұлғалық шығармашылығында, шығармашылық іс-әрекетті меңгеруге жеке мотивациясында көрініс табады.

